# Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығын мерекелеу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2011 жылғы 28 ақпандағы № 29-ө Өкімі

Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығына арналған іс-шараларды дайындау және өткізу мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығын мерекелеу жөніндегі іс-шаралар жоспары (одан әрі - Іс-шаралар жоспары) бекітілсін.

2. Орталық, жергілікті атқарушы органдар мен өзге де ұйымдар Іс-шаралар жоспарында көзделген іс-шараларды орындау жөнінде шаралар қабылдасын және 2011 жылғы 5 желтоқсаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігіне оның орындалу барысы туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі 2011 жылғы 25 желтоқсаннан кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Іс-шаралар жоспарының орындалу барысы туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігіне жүктелсін.

*Премьер-Министр К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2011 жылғы 28 ақпандағы
№ 39-ө өкімімен
бекітілген

## Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығын мерекелеу жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р\с № | Жоспарланатын іс-шара | Өткізілу мерзімі | Өткізілетін орны | Жауапты мемлекеттік органдар мен ұйымдар | Қаржыландыру көзі |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Ю.А. Гагарин атындағы «Союз» ұшқыш басқаратын ғарыш кемесінің ұшырылуына Қазақстан Республикасы | Наурыз | «Байқоңыр» ғарыш айлағы | ҰҒА | 001 «Ғарыш қызметі саласындағы саясатты қалыптастыру, үйлестіру және бақылау бойынша қызметтер» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ұлттық ғарыш агенттігінің қатысуы | | | | бюджеттік бағдарламасы бойынша ҰҒА-ның қаражаты шегінде |
| 2 | Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттау туралы ұсыныстар енгізу | Наурыз | Астана қ. | ҰҒА, Арнаулы өкіл (келісім бойынша) | Талап етілмейді |
| 3 | Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығы құрметіне Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің омырауға тағатын естелік белгісін шығару | Наурыз | Астана қ. | ҰҒА, «ҚҒС» ҰК» АҚ (келісім бойынша), «ҒБРО» АҚ (келісім бойынша) | Бюджеттен тыс қаражат |
| 4 | Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығына арналған «Жұлдыздарға жол» атты фотоальбом шығару | Наурыз | Алматы қ. | «Фотобанк Казахстана» ЖШС (келісім бойынша), Арнайы өкіл (келісім бойынша), ҰҒА | Бюджеттен тыс қаражат |
| 5 | Байқоңыр қаласындағы ғарыш қызметінің экологиялық қауіпсіздігі химиялық-талдамалық және жылжымалы зертханасының тұсаукесері | Наурыз | Байқоңыр қ. | «Инфракос-Экос» ЕМК | Талап етілмейді |
| 6 | Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығына арналған Қазақстан Республикасы тұңғыш Президентінің мұражайындағы көрме | 12 сәуірге дейін | Астана қ. | ҰҒА, «ҚҒС» ҰК» АҚ (келісім бойынша), «ҒБРО» АҚ (келісім бойынша), «ҰҒЗТО» АҚ (келісім бойынша), «Бәйтерек» БК» АҚ (келісім бойынша), «Инфракос» РМК, «Инфракос-Экос» ЕМК | Талап етілмейді |
| 7 | «ҚазСат-2» байланыс және хабар тарату қазақстандық | Сәуір | «Байқоңыр» ғарыш айлағы | ҰҒА, «ҒБРО» АҚ (келісім бойынша) | Мемлекеттік органдар мен ұйымдардың Қазақстан Республикасы ішінде іссапар |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | спутнигін ұшыруға қазақстандық делегацияның қатысуы | | | | жіберуге арналған қаражаты шегінде |
| 8 | «Нұр Отан» ХДП аясында Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығына арналған «50 жұлдыздық жыл» атты салтанатты іс-шара | Сәуір | Қызылорда қ. | ҰҒА, «Нұр Отан» ХДП (келісім бойынша) | Бюджеттен тыс қаражат |
| 9 | «Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшқанына 50 жыл» атты мерейтойлық моненталар шығару | Сәуір | Алматы қ. | ҰБ (келісім бойынша) | ҰБ қаражаты |
| 10 | Ғарыш тақырыбында көркемөнер көрмесін өткізу | Сәуір | Алматы қ. | ММ | Талап етілмейді |
| 11 | Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығына арналған мемлекеттік пошталық төлем белгілерін шығару | Сәуір | Астана қ. | БАМ | Талап етілмейді |
| 12 | Ғарыш тақырыбындағы фильмдерді республикалық телеарналар арқылы көрсету, Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығына арналған іс-шараларды бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету | 2011 ж. | Қазақстан Республикасы | БАМ | Талап етілмейді |
| 13 | Қазақстандық мектептерде және жоғары оқу орындарында Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығына арналған ашық сабақтар, жас мамандардың конференцияларын және басқа да іс-шаралар өткізу | 2011 ж. | Қазақстан Республикасы | БҒМ | Талап етілмейді |
| 14 | Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығының құрметіне «Жұлдыздармен кездесу» атты республикалық музыкалық фестиваль | 12 сәуір | Қызылорда қ. | Қызылорда облысының әкімдігі | Жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде |
| 15 | «Гагариннің көктемі» атты республикалық көркемөнер көрмесі | 12 сәуір | Қызылорда қ. | Қызылорда облысының әкімдігі | Жергілікті бюджетте көзделген қаражат шегінде |
| 16 | Байқоңыр қаласында жалпықалалық іс-шараларға:<br>- Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығына арналған «Сатурн» киноконцерт залындағы салтанатты жиналысқа; | 11 сәуір | Байқоңыр қ. | Арнаулы өкіл (келісім бойынша), ҰҒА, «ҚҒС» ҰК» АҚ (келісім бойынша), «Бәйтерек» БК» | Талап етілмейді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - Ю.А. Гагарин ескерткішінің алдындағы митингіге;<br>- «Десятилетие» стадионындағы мерекелік шоуға қатысу. | 12 сәуір<br>12 сәуір | | АҚ (келісім бойынша), «Инфракос» РМК, «Инфракос-Экос» ЕМК | |
| 17 | Байқоңыр қаласының Әкімшілігі өткізетін «Гагаринский марафон» атты спорттық эстафетаға қатысу (2-алаң - «Десятилетие» стадионы бағыты бойынша, 47 км) | 12 сәуір | «Байқоңыр» кешені | Қызылорда облысының әкімдігі, «ҚҒС» ҰК» АҚ (келісім бойынша), «Бәйтерек» БК» АҚ (келісім бойынша), «Инфракос» РМК | Талап етілмейді |
| 18 | Ю.А. Гагаринді еске алуға және отандық космонавтиканы дамытуға арналған ғылыми-көпшілік оқуларын өткізу | Сәуір | Қызылорда облысының аудан орталықтары | Қызылорда облысы аудандарының әкімдері | Талап етілмейді |
| 19 | Зымыран-ғарыш саласының мамандары мен ардагерлерінің қатысуымен Қызылорда облысының білім беру мекемелерінде ашық сабақтар өткізу және оларды бұқаралық ақпарат құралдарында жария ету | Сәуір | Қызылорда облысы | Қызылорда облысының әкімдігі | Талап етілмейді |
| 20 | Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінде Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығына арналған салтанатты жиналыс (баяндамалар, марапаттаулар және т.б.) | 12 сәуір | Астана қ. | ҰҒА, «ҚҒС» ҰК» АҚ (келісім бойынша), «ҒБРО» АҚ (келісім бойынша), «ҰҒЗТО» АҚ (келісім бойынша), «Бәйтерек» БК» АҚ (келісім бойынша), «Инфракос-Экос» ЕМК | Талап етілмейді |
| 21 | Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығына арналған «Ұлттық және халықаралық ғарыш бағдарламалары | Сәуір | Алматы қ. | | Талап етілмейді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | шеңберінде Қазақстандағы радиогеофизикалық зерттеулер» атты ғылыми семинар | | | «ҰҒЗТО» АҚ (келісім бойынша) | |
| 22 | Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығына арналған мини-футбол турнирін өткізу | 9-10 сәуір | Астана қ. | ҰҒА, «ҚҒС» ҰК» АҚ (келісім бойынша) | Бюджеттен тыс қаражат |
| 23 | Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығына және Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығына арналған «Қазақстанның ғарыш саласын дамыту стратегиясы мен ғарышты игерудегі қазақстан-герман ынтымақтастығының перспективасы» атты халықаралық форум | Сәуір-мамыр | Германия, Берлин қ. | Герман-қазақстандық қоғамы (келісім бойынша), ҰҒА | 005 «Шетелдік іссапарлар» бюджеттік бағдарламасы бойынша СІМ қаражаты шегінде |
| 24 | БҰҰ Ғарыш кеңістігін бейбіт мақсаттарда пайдалану комитетінің бірінші сессиясының 50 жылдығына және Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығына арналған Комитеттің 54-ші сессиясына қатысу | 1-10 маусым | Австрия, Вена қ. | ҰҒА | 005 «Шетелдік іссапарлар» бюджеттік бағдарламасы бойынша СІМ қаражаты шегінде |
| 25 | Бұқаралық ақпарат құралдарында айтулы күндерді жариялау (мақалаларды, жарияланымдарды, сұхбаттарды және т.б. дайындау);<br>- Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығы;<br>- бірінші қазақ ғарышкері Т.О. Әубәкіровтің ғарышқа ұшуының 20 жылдығы;<br>- бортында бірінші ғарыш туристі бар, ұшқыш басқаратын «Союз-ТМ» ғарыш кемесінің халықаралық экипажының командирі ретінде Т.А. Мұсабаевтың үшінші рет ұшуының 10 жылдығы | 2011 ж. | Астана қ. | ҰҒА, «ҚҒС» ҰК» АҚ (келісім бойынша), «Бәйтерек БК» АҚ (келісім бойынша), «ҒБРО» АҚ (келісім бойынша), «ҰҒЗТО» АҚ (келісім бойынша), «Инфракос» РМК, «Инфракос-Экос» ЕМК | Талап етілмейді |
| 26 | Ресей Федерациясында өтетін мерекелік іс-шараларға қатысу:<br>- Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығына арналған салтанатты жиналыстарға қатысу;<br>- Ю.А. Гагаринді еске алуға арналған халықаралық | 2011 ж. | Ресей, Мәскеу қ., Смоленск облысының Гагарин қ.; Смоленск | ҰҒА, «ҰҒЗТО» АҚ | 005 «Шетелдік іссапарлар» бюджеттік бағдарламасы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қоғамдық-ғылыми оқуларға қатысу; - Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығына арналған халықаралық конференцияға қатысу | | облысы; Калуга облысы | (келісім бойынша) | бойынша СІМ қаражаты шегінде |
| 27 | Қызылорда облысы Қармақшы ауданы Ақай кентінің қамқорлыққа алынған № 99 мектебінде ұшқыш басқаратын космонавтика тарихы бойынша дәрістер циклін ұйымдастыру | 2011 ж. | Қызылорда облысы Қармақшы ауданының Ақай кенті | «Бәйтерек» БК» АҚ (келісім бойынша) | Талап етілмейді |
| 28 | Астана қаласындағы «Ғарыш» № 50 мектебінде Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығына, бірінші қазақ ғарышкері Т.О. Әубәкіровтің ғарышқа ұшуының 20 жылдығына және бортында бірінші ғарыш турисі бар, «Союз-ТМ» ұшқыш басқаратын ғарыш кемесінің халықаралық экипаж командирі ретінде Т.А. Мұсабаевтың үшінші рет ұшуының 10 жылдығына арналған дәрістер өткізу | 2011 ж. | Астана қ. | «ҚҒС» ҰК» АҚ (келісім бойынша) | Талап етілмейді |
| 29 | Бекітілген Жоспарларға сәйкес Ю.А. Гагариннің ғарышқа ұшуының 50 жылдығына арналған мерекелік іс-шараларды өткізу | 2011 ж. | Облыстар, Астана және Алматы қалалары | Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері | Жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат шегінде |

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**
ҰҒА - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі
СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
ММ - Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі
БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
БАМ - Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі
ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
«Нұр Отан» ХДП - «Нұр Отан» Халықтық Демократиялық партиясы
Арнаулы өкіл - Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілі
«ҚҒС» ҰК» АҚ - «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы
«ҰҒЗТО» АҚ - «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» акционерлік қоғамы
«ҒБРО» АҚ - «Ғарыштың байланыс республикалық орталығы» акционерлік қоғамы
«Бәйтерек» БК» АҚ - «Бәйтерек» Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны» акционерлік қоғамы

«Инфракос-Экос» ЕМК - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі «Инфракос» республикалық мемлекеттік кәсіпорнының «Инфракос-Экос» еншілес мемлекеттік кәсіпорны
«Инфракос» РМК - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігі «Инфракос» республикалық мемлекеттік кәсіпорны
ЖШС - жауапкершілігі шектеулі серіктестік

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК